

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер
комитеті



Қазақстан Республикасы
Экология, геология
және табиғи ресурстар
министрлігінің
Балық шаруашылығы
комитеті

Астана қаласы

«06» 12 2022 жыл
№ 699

Астана қаласы

«23» 11 2022 жыл
№ 30-9/180

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
Балық шаруашылығы комитетіне
құпия ақпараттарды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне құпия ақпараттарды ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағаларының жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік орган басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер
комитетінің төрағасы**




Д. Жанәлінов

**Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар
министрлігі
Балық шаруашылығы
комитетінің төрағасы**




Н. Жүнісов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
төрағасының
2022 жылғы «06» 12 № 699
және

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігінің
Балық шаруашылығы комитеті
төрағасының
2022 года «23» 11 № 30-9/120
берлескен бұйрығына
қосымша

**Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Экология,
геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы
комитетіне құпия ақпараттарды ұсыну қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне құпия ақпараттарды ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген мемлекеттік мониторинг шеңберінде заңсыз пайда болған балықтар мен басқа да су жануарларын уақтылы анықтау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарының Экология геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне балық және балық өнімдерін экспорттау және импорттау процесіне байланысты құпия ақпаратты құрайтын кеден құжаттарынан алынған мәліметтерді (бұдан әрі-Мәліметтер) беру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті осы бірлескен бұйрық шеңберінде алынған Мәліметтерге қол жеткізе алатын адамдардың тізбесін бекітеді.

2-тарау. Балық және балық өнімдерін экспорттау және импорттау процесіне байланысты құпия ақпаратты құрайтын кеден құжаттарынан алынған мәліметтерді ұсыну тәртібі

3. Мәліметтерді Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің сұрау салуы бойынша мемлекеттік кірістер органдары осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйесінен Smart Bridge платформасы арқылы on-line режимде интеграциялау жолымен ұсынады.

3-тарау. Балық және балық өнімдерін экспорттау және импорттау процесіне байланысты кеден құжаттарынан алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету

4. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті осы бірлескен бұйрық шеңберінде алынған Мәліметтерді өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін ғана пайдаланады.

5. Осы бірлескен бұйрық шеңберінде алынған Мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдар мұндай ақпаратты өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде де, оларды орындау аяқталғаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратуға құқылы емес.

6. Мақсаттарға қол жеткізгеннен және практикалық қажеттілік жоғалғаннан кейін алынған Мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

Мемлекеттік кірістер
органдарының Қазақстан
Республикасы Экология, Геология
және табиғи ресурстар
министрлігінің Балық
шаруашылығы комитетіне құпия
ақпараттарды ұсынуы
қағидаларына
қосымша

Мемлекеттік кірістер органдары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне беретін мәліметтер тізбесі

1.	Операция түрі (Импорт/Экспорт)
2.	Кедендік рәсімнің коды (режим)
3.	Тауардың шығарылған күні
4.	Шығарылған елі
5.	Жөнелтуші ел
6.	Межелі ел
7.	Мемлекеттік кірістер органының коды
8.	Құжаттың нөмірі (Кедендік декларацияның тіркеу нөмірі)
9.	Кедендік шектеу нөмірі
10.	Мемлекеттік кірістер органының атауы
11.	Алушының ЖСН/БСН*, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін БЕИ**
12.	Алушының атауы (ТАӘ***)
13.	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды ****
14.	Тауардың атауы
15.	Тауардың салмағы (нетто салмағы)
16.	Тауардың статистикалық құны

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

*ЖСН/БСН – жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі;

**БЕИ – бірегей есептеу идентификаторы;

***ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты;

**** Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды – 03 «балық және шаян тәрізділер, моллюскалар және өзге де су омыртқасыздары» тобына жататын сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодтары.